

Құрметті Абитуриент!

Егер:

- өркендеген мемлекетте өмір сүріп, елдің индустриалды-инновациялық дамуына өз үлесінді қосқың келсе;
- көшбасшы қабілетің болып, стратегиялық ойлау қабілетінді дамытып, инновация мен кәсіпкерлік білімінді шыңдағың келсе;
- талдай білу қабілетің болып, қаржы саласының магнаты, банкирі, жоғарғы ақы төленетін биржа аналитигі, аудиторы болғың келсе –

батыл, қуатты, жетістікке қол жеткізуге бағытталған Сізді «Экономика. қаржы және кәсіпкерлік» кафедрасында күтеміз!

БІЗДІ ТАҢДА!

БІЗГЕ ТҮС!

БІЗДЕ ОҚЫ!



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

«Болашақ» университеті

«Кәсіпкерлік білім беру» факультеті



«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ
ҚЫЗЫЛОРДА

**«Экономика, қаржы және кәсіпкерлік»
кафедрасы
Мамандығы: 5В050900 –Қаржы
(бакалавр)**

Қызылорда, 2017 ж.

«Экономика, қаржы және кәсіпкерлік» кафедрасы

Мамандығы: Қаржы

Мамандықтың мақсаты – микро және макро деңгейде ақша-несие және фискалдық саясатты жүргізу, қаржыны басқару және ұйымдастыруды жүзеге асырумен айналысатын жоғары білікті мамандарды даярлау.

Мамандық бойынша кәсіби мамандар даярлаудың мақсатты бағыттары:

- қаржылық категориялардың мазмұндық сипатын зерделеу және оларды әлеуметтік-экономикалық үдерістерді реттеуде пайдалану;

- қаржы саясаты стратегиясының бағыттарын анықтау және оны жүзеге асырудың тетігін жасау;

- қаржы нарықтары қатысушыларының есеп беру тәсілін қалыптастыру;

- валюталық-несиелік реттеудің және төлем балансын жасаудың әдістемесін меңгеру.

Аталған мамандықты бітірушілер барлық меншік нысаны мен қызмет ету саласына қарамастан басқарушылық, кәсіпкерлік, коммерциялық қызметті жүзеге асырып, қаржы және сақтандыру органдарында, банк мекемелерінде, бағалы қағаздар нарығында жұмыс істей алады.

Мамандықты бітірушілерге

5B050900 «ҚАРЖЫ» мамандығы бойынша «экономика және бизнес» бакалавры академиялық дәрежесі беріледі.

Университет «Қаржы» мамандығы бойынша білімді мамандар дайындауда. Кафедраның профессор-оқытушылар құрамы білім беру стандартына сәйкес білікті кадрлармен қамтамасыз етілген. Бізде республиканың іргелі оқу орындарымен тығыз қарым-қатынас орнатылған.

5B050900 – «Қаржы» мамандығы бойынша бакалаврлары экономиканың әртүрлі салаларында қаржылық қызмет атқарады.

2017-2018 оқу жылынан бастап студенттер күндізгі және сырттай оқу бөлімдері бойынша қабылданады:

Күндізгі оқу бөлімінде оқу мерзімі:

- орта білім негізінде – 4 жыл;

- арнаулы орта білім негізінде -3 жыл

Сырттай оқу бөлімі бойынша:

- арнаулы орта білім негізінде – 3 жыл

- жоғары білім негізінде – 2 жыл.

Осы мамандықты бітірушілерге «Қаржы» мамандығы бойынша «экономика және бизнес» бакалавры академиялық дәрежесі беріледі.

«Болашақ» университетінің оқу ғимараты интернет желісі қосылған компьютер кластарымен жабдықталған. Университетте кітапханалар және оқу залдары мен спортзалдары, асханалар, медпунктер, баспа-полиграфиялық орталығы жұмыс жасайды. Тұрғын орынға мұқтаж студенттерге жатақханадан орын беріледі. Студенттер қаржы және банк мекемелерінде өндірістік практикадан өтеді.

«Қаржы» мамандығын бітірушілер:

- ҚР Қаржы министрлігінде;
- ҚР экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінде;
- ҚР Ұлттық банкінде;
- экономикалық және жемқорлыққа қарсы күрес бойынша Агенттігінде (қаржы полициясы);
- министрліктер мен ведомстволардың экономикалық қызметінде;
- екінші деңгейдегі банктерде;
- инвестициялық қорларда;
- кәсіпорындар мен мекемелерде;
- Кеден департаментінде;
- жинақтаушы зейнетақы қорларында;
- сақтандыру компанияларында қызмет ете алады.



Қаржы мамандығының бакалаврлары өзінің кәсіби қызметін мына бағыттарда жүзеге асыра алады:

- салық салуды ұйымдастыру, бюджетке қаражаттарды толық және уақытылы түсуіне салықтық әкімшілікті және бақылауды жүзеге асыру;
- салық-бюджет саясатының стратегиясы мен тактикасын әзірлеу және жүзеге асыру;
- сапалы сақтандыру қызметтерін көрсету және сақтандыру нарығын ұлғайту;
- банк ісін ұйымдастыру және несиелендіру түрлерін, нысандарын және әдістерін дамыту;
- қор нарығын ұйымдастыру мен қалыптастырудағы кәсіби қызмет.